

ЧИСТАЯ
КОМПАНИЯ



Чистая Компания - официальный
дистрибьютор немецкого концерна Alfred
KARCHER GmbH



8 (800) 250-39-39



www.chisto.ru

Жұмыс алғышарттары

- Тек рұқсат етілген сұйықтықтарға қолдау көрсетіледі.
- Ластанған (құмды) су болған жағдайда, қосымша алдын ала тазартқыш сүзгіні қолданыңыз.
- Сораптарды дәйекті түрде қоспаңыз.
- Сорапты тікелей су құбырының шүмегіне жалғамаңыз.
- Найзалы қосылымдар жүйесін (ГК муфталар) қолданбаңыз.
- Сору жағында кері клапанды сорап алдында тікелей орнатпаңыз.
- Сорап пен ықтимал кері клапанның арасындағы қашықтық кем дегенде 3 м болуы тиіс.

Бақылау тізімі

Орнату → Сораппен бірге сығылған ауамен баллондар жеткізілген кезде, оларды нұсқаулыққа сәйкес сорапқа жалғаңыз. → Сонымен қатар, сығылған ауамен баллондағы қысым 3,5 бар құрайтынын тексеріңіз. → Егер сорап сумен жабдықтау көзіне алдын ала жалғанған болса, жүйеде қысымның жоқтығын қамтамасыз ету үшін, барлық шығыс орындарды ашып қойыңыз.		☐
→ Сорапты қолдану бойынша нұсқаулыққа сай жалғаңыз. → Сонымен қатар, барлық қосылымдар тығыз бұрап бекітілгеніне көз жеткізіңіз.		☐
→ Сорапты құю мойны арқылы артық толтырылғанша сумен толтырыңыз. → Алдын ала тазартқыш сүзгінің дұрыс орналастырылғанына көз жеткізіңіз ("Техникалық қызмет көрсету және күтім" мақаласын қараңыз).		☐
→ Қақпақты қолмен тығыз бұрап бекітіңіз.		☐
→ Барлық қосылымдардың тығыздығын тексеріп алыңыз.		☐
→ Сорапты желдету: 1 Құбыр желілерінен ауаның кетірілгеніне көз жеткізу үшін, су жүйесіндегі барлық шығыс орындарды бір рет ашып жабыңыз. 2 Қысымды құбыр желісіндегі қолжетімді тежегіш клапандарды толықтай ашып қойыңыз немесе тиекті клапанда судың жеткілікті екендігін тексеріңіз. 3 Сорапты ұзақ мерзімді жұмыс режиміне ауыстырып қосыңыз ("I/On" ауыстырып-қосқыш күйі). 4 Сорап біркелкі беріліске жеткенше және жүйеде ауа қалмағанша сорапты бірнеше минут жұмыс істетіңіз. Сорап енді жұмысқа дайын.		☐
Сору жағында қате орын алған жағдайда (сору жағындағы қатені білдіретін жарық диоды жанады): → Сорғыш шлангідегі кері клапанды шығарып алыңыз. Сорап кірістірілген кері клапан арқылы жеткілікті түрде қорғалған. → Орнату бойынша қадамдарды жаңадан мұқият орындаңыз.		☐
Қысым жағында қате орын алған жағдайда (қысым жағындағы қате индикаторы жанады): → Орнату бойынша қадамдарды жаңадан мұқият орындаңыз.		☐

Техникалық қызмет көрсету және күтім → Қақпақты құю мойнынан бұрап шығарыңыз. → Бастапқы сүзгіні толықтай шығарып алыңыз. → Кері клапанды бастапқы сүзгіден ажыратыңыз.		☐
→ Бастапқы сүзгі мен кері клапанды ағынды су астында тазалаңыз. → Қажет болса, лас қалдықтарын сораптан шайып кетіріңіз.		☐
→ Кері клапанға оңай қол жеткізу мүмкіндігін тексеріңіз. → Қол жеткізу қиын болған жағдайда, кері клапанның тығыздауыштарына Kärcher қызмет көрсету орталығында қолжетімді жағармай (6.288-143.0) жағыңыз. Минералды жағармай мен майларды қолданбаңыз.		☐
→ Бастапқы сүзгі мен кері клапанды қайтадан бір-біріне жалғаңыз.		☐
→ Алдын ала тазартқыш сүзгіні сорап ішіне орнатыңыз. Орнату позициясының дұрыстығын қадағалаңыз! Алдын ала тазартқыш сүзгінің шығыңқы жерін құю мойнындағы тиісті ұяшыққа орналастырыңыз. Алдын ала тазартқыш сүзгіні күш қолданусыз орнату керек.		☐
→ Сорапты "Орнату" мақаласына сай қайтадан іске қосыңыз.		☐

ЧИСТАЯ
КОМПАНИЯ

Чистая компания

8 (800) 250-39-39

Звонок по России бесплатный

www.chisto.ru

sales@chisto.ru